



Бекітемін

«Гүлдер» балабақшасының

директоры М.Е.Овезова

2023 - 2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН

АҚПАН АЙЫНЫҢ

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Топ: «Түймедақ» ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жастан

Тәрбиешісі: Джумабаева Гүлбану

Жоспардың құрылу кезеңі: **05.02 - 09.02.2024ж.**

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен "Балаңызбен қыста серуендеуді қалайша көңілді және пайдалы етуге болады" тақырыбында кеңестер беру; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарға жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу; сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету; ересектерге көмектесуге ынталандыру. (еңбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балалардың өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің жарық пен ылғалға деген қажеттіліктері туралы балалардың білімдерін кеңейту, су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)
	"Пішіндер алқасы" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, геометриялық пішіндерден өздеріне де сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру;	"Жұп суреттер" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балалардың байқағыштығын, суретте бейнеленген заттардың	"Еңбек құралдарын ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, дыбыстардың	"Мозаика" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	"Дүкенші" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға мамандықтар туралы түсінік беру. Рольге бөлініп ойнауға үйрету және оларды айыра білуге баулу. (сөйлеуді дамыту)

	<p>геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау қабілетін, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өзі жасаған нәтижені көріп, қуануға үйрету.</p> <p>- Балалар, қазір сендер мына тізбекте пішіндер қалай орналасқанына қарап, өз кілемдеріңе солай саласыңдар. Педагог әрбір балаға бөлек пішіндер тізбегін ұсынады. қызыл үшбұрыш + көк үшбұрыш + сары үшбұрыш + жасыл үшбұрыш қызыл домалақ + көк домалақ + сары домалақ + жасыл домалақ қызыл шаршы + көк шаршы + сары шаршы + жасыл шаршы Педагог әр баланың орындау тәртібін бақылайды. (математика негіздері)</p> <p>"Пішіндер (екінші нұсқа)" атты мультфильмін көру. Мақсат-міндеттер. Балалардың пішіндер туралы ұғымдарының қалыптасуына мүмкіндік жасау, қоршаған заттардың қасиеттерін байқауға қызықтыру. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері, музыка)</p>	<p>ұқсастығы мен айырмашылығын таба білу іскерлігін тәрбиелеу; сөздік қорларын жетілдіру: ұқсас, әртүрлі, бірдей. Ойын ережесі: бірдей суреттерді жинау; кім қателеспесе, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: бірдей суреттерді іздеу. (математика негіздері)</p> <p>"Кімнің қолынан не келеді?" сөздік жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балалардың мамандықтар иелері жөніндегі ұғымдарын қалыптастыру, тілін дамыту.</p> <p>- Тағам әзірлейтін кім? Аспаз. Би билейтін кім? Биші. Шеге қағар ... Шебер. Үй салатын... Құрылысшы. Адамды емдейтін... Дәрігер. Зат сататын... Саудагер. Шаш қиятын... Шаштараз. Іске сәт тап, жанталас. Мамандық иелерінің суреттерін көрсетіп отыруға болады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. Еңбек құралдарының суреттер бойынша атауын атау. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Еңбек құралдарының суретін бояу. (сурет салу)</p> <p>Балтаның мүсінің жасау. (мүсіндеу)</p>	<p>Шарты: геометриялық пішіндерден салынған, педагог көрсеткен, қарапайым өрнек кілемшесін салу, педагог көрсеткен үлгігі қарап, мозаика өрнегін құрастыру. Құралдар: шаршы пішінді қатпа қағаздан жасалған кілемшелер, табакшаларда геометриялық пішіндердің жинақтамалары. Педагог баладан қандай пішіндерді қолданып жатқанын сұрастыра алады. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</p> <p>"Дәрігерге не керек?" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы түсініктерін тиянақтау, қолданатын құралдарды айтқызып, сөздік қорды жетілдіру; есте сақтау, ойлау, сөйлеуді қабілеттерін дамыту. Құралдары: дәрігер және басқа мамандар қолданатын құрал-заттар немесе кесілген суреттер. Балалар дәрігерге қажет құралдарды іріктеп, атайды, не үшін қажет екендігін түсіндіруге тырысады. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Дүкенші суретін бояу. (сурет салу)</p> <p>"Не артық?" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер. Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды қолдануда қателерді көре білуге үйрету; байқағыштығын, өз пікірінің дұрыстығын дәлелдей білу іскерлігін дамыту; еңбек құралдары туралы білімдерін бекіту. Ойын ережесі: артық суреттің ғана бетін жабу; қажетсіз затты кім тапса, сол жеңеді. Ойын әрекеттері: қажетсіз затты табу және оны ақ қағазбен жабу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>
Ертеңгілік жаттығу	1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.				

	<p>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.</p> <p>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.</p> <p>2.2. Бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.</p> <p>2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.</p> <p>3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.</p> <p>4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Дәмді тағам дайын, пай, пай ... Шақырады шебер аспаз апай (ағай) (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>"Үй құрылысының ретін көрсет" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Зейінді бол" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу. (математика негіздері)</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p>

			Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар; Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар ... Бәрін жақсы көремін Еркелеймін, еремін! (сөйлеуді дамыту)	мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Көк аспанда күн күлсін Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін Жерге ұдайы нұр құйсын. (сөйлеуді дамыту)	Күн нұрындай көңілім, Даламдай кең пейілім. Жүрегім толы мейірім, Бәріне ортақ шуағым, Қайырымды боламын. (сөйлеуді дамыту)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Ұшқыш болам самғайтын". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен түсуге үйрету.	Дене шынықтыру "Солдат болам кезінде". Мақсат-міндеттер. Балаларда әртүрлі бағыттарда жүгіру дағдысын қалыптастыру; тура нысанға оң қолмен тік нысанаға көздеп лақтыруға үйрету; дене шынықтыру жабдықтары мен құралдарын пайдалану қызығушылықтарын арттыру.	Музыка "Жүргізуші". Мақсат-міндеттер. Балаларды жаңа әнді тыңдап, оның сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; әнді дұрыс айту дағдысына жаттықтыру; ырғақтық кимылдарды үйлесімді жасай білуге дағдыландыру; музыкалық аспаптың дыбысын ырғақты бере білуге үйрету; әнді тыңдау кезінде зейіні мен есте сақтау қабілетін және музыкалық сауаттылығын дамыту.	Дене шынықтыру "Аэродром". Мақсат-міндеттер. Балаларда әртүрлі бағыттарда, жылдам (10- 20 метр) және баяу (50- 60сек.) қарқында жүгіру дағдыларын жетілдіру; үлкен допты екі қолмен тордан өткізе лақтыру дағдыларын жетілдіру; сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту.	Қазақ тілі "Тұрмыстық техника" . Қауіпсіздік сақтау. Мақсат-міндеттер. Тұрмыстық техниканың түрлері туралы, тұрмыстық техниканың мақсаты туралы білімді бекіту, оларды мақсатына қарай ажыратуды үйрету; үтікпен киім үтіктейді, шаңсорғыш шаң жинайды, кір жуу машинасымен кір жуылады және тағы басқа. Электр құрылғылары және қауіпсіздік ережелерін бекіту. Артикуляциялық аппаратын, сөйлеуін, қазақ тіліндегі сөздерді есту арқылы қабылдау қабілетін және есту зейінін дамыту, монологтық сөйлеу негіздерін, ойлау қабілетін дамыту; жағымды көңіл күйін білдіре алуы. Тұрмыстық техниканы қолдану кезінде ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.
2- таңғы ас	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту,	Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем	Қарды бақылау (қардың түсі). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем	Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)

<p>көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылысы, қарды бақылауға деген қызығушылығын ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру. - Жапалақ қар, Армысың? Дүниеде бармысың? Қысқы дала тәуелді, Жау, жау енді! Ұзақ уақыт қалықтар, Жау, жау енді, Мамық қар! Қ. Мырзалиев Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. "Кім тыныш?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру. - Балалар, ал қазір, аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз.</p>	<p>әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты және ашық, суық болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейінді, ойлау қабілетін дамыту. - Балалар, айналаға қараңдаршы. - Иә, айналада қар жатыр. - Аспанымыз сұр (көгілдір). - Бірақ қыста күн суық. - Адамдарға қараңдаршы, жылы киінді. - Біз нені кидік? Балалар жауап бермей жатса да, үстіне көрсете де алады. - Қыс мезгілі. Суықта Қар жауады қалықтап. Қар жауады қалыптап, Аппақ қабықпен қаптап. Қыс мезгілі. Аппақ қала. Ақ көшелер. Ақ сала. Аулада тұр аққала. Д. Ахметова. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Машиналар жүреді" қимылды ойыны. (дене</p>	<p>әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың табиғат құбылысы қар жайындағы ұғымдарын қалыптастыру, қардың жеңіл мамықтай ұшқанын байқату; зейінін, түйсігін дамыту. - Балалар, бәрекелді! - Қараңдаршы, айналада не жатыр? - Иә, бұл - қар. Ақ мақтадай ұлпа қар Жамылыпты қырқалар. Қалың-қалың тоң киіп, Маужырайды шыршалар. <i>Шәймерден Әлдибекұлы.</i> Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүгіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады. - Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық.</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің соғуын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. - Балалар, жел соғып тұрған сияқты ма? - Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы. - Жел соғып, бізбен ойнайды, Ағаш-бұтақты шайқайды. Ары-бері шайқайды, "Ш-ш-ш" - деп дыбыстайды. - Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз? - Иә, "ш-ш-ш" дейміз. - Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Пойыз" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды бір сапқа тұрып, бір-бірінен қалмай, бір-біріне соғылмай, ересек бастаған бағытпен жүруді үйрету; өзге балалардың жанында ойын ойнап, жағымды әсерлерге бөлене білу қабілетін</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға күннің жерге жарықты шашқаны, жылу беретіні туралы айтып болғаннан кейін, балалармен бірге тақпақ айтып, қимылдарды қосылып жасауға шақырады. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Сағаттар" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды сигналмен белгілі қимылдарды жасауға жаттықтыру; сигнал бойынша сапқа жиналып, педагогтің соңынан жүру дағдыларын жетілдіру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; сағаттың жүрісі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. Педагог балаларға сағаттың қимылын еркін тұрып орындауға, сигнал бойынша сапқа жиналып, жүруге шақырады. Тақпақты оқи</p>
--	--	--	--	---

	<p>Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша ... Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. "Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.</p>	<p>шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл немесе сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-бірімен соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары, және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай белгілі қимылдарды жасауды ұсынады: - жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, жан-жаққа бағыттап жүгіру; - сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау, - жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру. - Бағдаршамда жасыл шам - Жол ашық, машиналар. Бағдаршамда сары шам - Шапалақта, балалар! Бағдаршамда қызыл шам - Тоқтасын машиналар. Ойын екі рет өткізіледі. "Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға</p>	<p>Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Ал енді біз жүгірейік, Саптан қалмай, үлгерейік. Жүгір, жүгір, балақай! Саптан қалма, балақай! Жүгіріп болдық, жүрейік, Тыныс алып, үлгерейік. Тыныс алып болайық, Қадам басып, тоқтайық ... Д. Ахметова "Көпірден өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.</p>	<p>дамыту. Педагог балаларды сапқа жинайды. Смартфонға пойыздың сигналы жазылған аудионы тыңдатуға болады. - Балалар, естіп тұрсындар ма? - Иә, бізді пойыз жолға шығуға шақырады. - Қанекей, сапқа жиналайық, пойыз болайық. - Ту-ту жүрдік, Ту-ту-у ... Біз алысқа - Ту-ту-у .. Жүр соңымнан - Қалма! Кім өжет жан? Алға! Д. Ахметова "Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.</p>	<p>жүреді. "Тик-так". "Тик-так, тик-так," Жүрсін сағат. Біз сағатқа ұқсап, Жүреміз: "тоқ-тақ". Д. Ахметова Ойын бірнеше рет өткізіледі. "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды сапқа (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.</p>
--	--	--	--	---	---

		баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.			
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Дәмді тағам дайын, пай, пай ... Шақырады шебер аспаз апай (ағай) (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Нүктелі массаж. Суық тиюге және тұмауға қарсы жаттығулар жасау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дене сымбатын жетілдіру, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту. - Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары-төмен уқалау. - Түшкіріп, тұмауратпау үшін, нұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкелеу. - Қолымызды маңдайымызға қойып уқалау. - Құлағымыз ауырмау үшін, нұсқаушы және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сурет салудан ойын-жаттығу "Қуыршаққа тарақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды көк қарындаш арқылы көлденең жатқан қағаздың екі жағында тіке сызықты жүргізіп, төменгі шеттерін түзу және доғалы сызықпен қосып, арасын қысқа, түзу, тіке сызықтар қатарымен толтырып, тарақ бейнесін салуға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойын: "Шаштараз". Мақсат-міндеттер: балаларды шаштараз кәсібімен таныстыру,	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Етікші". Мақсат-міндеттер. Балаларды "Етікші" ертегісімен таныстыра отырып, оларды көркем шығармашылыққа баулу; ертегі кейіпкерлерінің қимылдары мен сөздерін қайталап айтуға жаттықтыру. "Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер:	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Аспазға көмектесейік". Мақсат-міндеттер. Балаларды екі тең не тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыруға және теңдестіруге үйрету; заттар жұптарын тұстастыру және беттестіру тәсілдерін қолдану іскерлігін қалыптастыру; заттарды оң (сол) қолымен алып, жолақтың сол жағынан бастап, оң жағына қарай, бір-біреуден салу тәртібіне дағдыландыру; зейінді, қолдың ұсақ	Мүсіндеуден ойын-жаттығулар "Түймелер". Мақсат-міндеттер. Балалардың киімдер туралы білімдерін жетілдіру, киімді түймемен түймелеудің маңызы туралы түсініктер беру; өзіне-өзі қызмет көрсету негіздерін қалыптастыру. Сюжетті-рөлдік ойын: "Емхана". Мақсат-міндеттер:	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Орманшының аңдары". Мақсат-міндеттер. Орман жануарлары туралы ұғымдарын кеңейте отырып, балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. Орман жануарлары туралы көркем сөздерді пайдалана отырып, сөздік қорын молайту. Сюжетті-рөлдік ойын: "Жедел жәрдем". Мақсат-міндеттер: балалардың

	<p>қарым-қатынас мәдениетін дамыту, балалардың сөздік қорын кеңейту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>балалардың үй құрылысы жайындағы түсініктерін тиянақтау; қол моторикасын, ой-қиялын дамыту; достық қарым-қатынастарға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, кара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдынала әңгімелеседі (кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы). Балалар құрылысқа қажет материалдарды таңдап, өзара кім қандай рөлді атқаратыны туралы келіседі.</p>	<p>моторикасын, қабылдау және ойлау қабілеттерін дамыту. Сюжетті-рөлдік ойын: "Жүргізуші". Мақсат-міндеттер: жүргізушінің жұмысы туралы білімдер мен дағдыларды бекіту, ойынға деген қызығушылықты дамыту, жүргізушінің жұмысына деген құрметін арттыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>балалардың рөлдерді қабылдау қабілетін дамыту бойынша медицина қызметінің мәнін ашу, ойынға деген қызығушылықты дамыту, балалардың арасында жағымды қатынастарды қалыптастыру, дәрігердің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>дәрігер, медбике мамандықтарына қызығушылығын ояту; науқасқа деген сезімталдықты, зейінділікті, мейірімділікке, жауап беру, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>"Танкист" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. "Танкист" (Тұрсын Жұртбаев) Танкі мініп, өскенде, Қорғаймын мен елімді. Таптамаймын еш жерде Гүлдер менен егінді. (көркем әдебиет)</p>	<p>Санамақ айтқызу. (Ермек Өтетілеуов) Жиналған соң достары, Қазтай өзі басқарды, Қызықты ойын басталды: Бірі болды бақшашы, Екіншісі - егінші, Үшіншісі - бақташы, Төртіншісі - теңізші. Бесіншісі - балташы, Алтыншысы - аспазшы. Жетіншісі - жылқышы, Сегізіншісі - сырнайшы, Тоғызыншы - тігінші, Оныншысы - орманшы. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Пошташы" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. "Пошташы" (Ескермес Ескендіров) Күні бойы жол жүріп, Көрген емес болдырып Қайтады үйге, алғысты Қапшығына толтырып. (көркем әдебиет)</p>	<p>"Сөйлем құрастыру". Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер, шағын әңгіме құрастыруға балаларды машықтандыру; байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы мамандық түрлері, мамандықтардың құралдары және ерекше белгілері бойынша</p>	<p>"Құрылысшы" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. "Құрылысшы" (Шекербек Садыханов) Қолда темір қалағым, Саздан сарай қаладым. Алматыдан аумайтын Әсем қала саламын. (көркем әдебиет) "Көрнекті ғимарат" құрылыс ойыны. Мақсат-міндеттер. Текшелерден көрнекті ғимарат құрастыру. (құрастыру)</p>

				жалпылаушы сөздермен байыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Дәмді тағам дайын, пай, пай ...</p> <p>Шақырады шебер аспаз апай (ағай)</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p> <p>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.</p> <p>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> <p>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p>Өнер бұрышында бояу суреттерін бояу, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. (сурет салу)</p> <p>Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану.</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. (математика негіздері)</p>				
Балалардың үйге қайтуы (ата-	Психолог кеңесі. Мысалы: "Ересектердің	Ата-аналарға кеңес. "Балалардың қол саусақ	Ата-аналарға кеңес. "Қазіргі заманғы отбасындағы	Ата-аналарға кеңес. "Балалардың озбыр мінез-	Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту; апта

аналарға кеңес)	балаларға үлгі көрсетуі, салауатты өмір салтына баулуы".	моторикаларын дамытамыз".	қатынастар".	құлқының бастаулары".	тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.
-----------------	--	---------------------------	--------------	-----------------------	---

12.02 - 16.02.2024ж.

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналарға кеңес. "Отбасындағы сауықтыру шаралары".				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу; сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету; ересектерге көмектесуге ынталандыру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету, шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу іскерліктерін дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерге жарық пен ылғалдың қажеттігі туралы балалардың білімдерін кеңейту, су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту; қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу.
	"Лото" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту. Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды. Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналған панно-карточкалар.	"Ұқсайды – ұқсамайды" заттармен ойналатын ойын. Дидактикалық міндеті: балаларды заттарды салыстыруға түрі, түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын,	"Ақылды көліктер" дидактикалық ойыны. Мақсаты: адамдардың жұмыстарын жеңілдетуде көліктердің көмегі туралы балалардың білімдерін бекіту; істейтін қызметтеріне қарай көліктерді топтастыруға, аттарын дұрыс атауға үйрету, сөздік қорларын молайту.	"Біздің көмекшілеріміз не?" үстел-үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: ересектердің жұмысын жеңілдететін тұрмыстық заттар туралы балалардың білімдерін бекіту. (сөйлеуді дамыту)	"Би билеген баламыз" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың жағымды эмоцияларын, дене мүшелерін дамыту.. Жаттығу жасап көреміз, (Адымдау) Қолды көкке көтеріміз, (Қолдар жоғары) Түсіріп белге төмен, (Қол белде) Еңкейеміз, еңкейеміз. (Оң-сол

	(математика негіздері)	ойлауын, тілін дамыту. Ойын ережесі: екі затты алып, оның ұқсастықтарын көрсету іскерлігі. Кімді көрсетсе, сол жауап береді. Ойын әрекеттері: ұқсас заттарды іздеу. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қоршаған ортамен танысу) Мақсат-міндеттер. Кейбір дауыссыз (к-к) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппараты дамыту. (қазақ тілі)			жаққа еңкею) Өкше қойып, басамыз, (Оң жақ өкше, адымдау) Өкше қойып, басамыз. (Сол жақ өкше, адымдау) Міне, қандай әдемі, (Қол белде, бас шайқау) Би билеген баламыз. (Шапалақтау) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) "Суретті құрастыр" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас бөлік құрауға үйрету. (математика негіздері)
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ текшелермен). 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында. 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде. 3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "міне" деген сөзді айтады. 3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, екі қолды көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар "Тап-таза қолдар" ойын жаттығуы Мақсат-міндеттер: Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Көркем сөз. Қасықтарымыз біздің,				

	Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырады күніміз. Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, Қайырлы күн, балалар! (сөйлеуді дамыту)	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Кім бәрінен де мұқиятты". Баланы теріс қаратып, өз киіміңіз немесе бөлмедегі заттар туралы сұрау.	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамын мен де, қуанасың сен де. Қуанайық достарым, арайлап атқан күнге. Бүгінгі күніміз сәтті өтсін. Бәріңе сәттілік тілеймін! (сөйлеуді дамыту)	"Жіпті шардың түсіне қарай ірікте" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың түстерді ажырата отырып, көру қабілетінің артуына және көз қарашығының демалу жаттығуларын жасауға арналған ортаңғы топтағы түстерді бекітуге пайдаланылады.	"Құстар" сөздік ойыны. Дидактикалық міндеті: балаларды сөзі мен әрекетін сәйкестендіре білуге жаттықтыру; балалардың тілін белсендіруді жалғастыру. Ойын ережесі: құс болып жүрген балалар өз әрекетін тақпақтың сөздерімен сәйкестендіруі керек. Құстар өз қалауымен басқа құстарды таңдай алады. Ойын әрекеті: құстардың қозғалысын келтіру: жаңа құстарды таңдау; құстарды бейнелейтін бас киімдерді қолдану.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Үш аяқты тұлпарым (велосипед)". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; отырған күйінде екі аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып, қуып жетуге үйрету; қойылған заттардың арасынан "жылан" жүріспен жүруге жаттықтыру.	Дене шынықтыру "Велосипедтер зырылдайды". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін жетілдіру; көлденең қойылған нысанаға затты лақтыруды үйрету; балаларды зерек болуға және бір-біріне қажетіне қарай көмек беруге үйрету.	Музыка "Кір жуу машинасы". Мақсат-міндеттер. Балаларды тұрмыста қолданылатын заттар туралы жаңа әнді тыңдап, оның сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасына ерекше мән беру қабілетін қалыптастыру; әнді дұрыс айтуға және ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасауға дағдыландыру; музыкалық аспапта ойнау қабілетін шыңдау; әнді тыңдау кезінде зейіні мен есте сақтау қабілетін және музыкалық шығармашылығын дамыту.	Дене шынықтыру "Велоипед теуіп көрдіңдер ме?" Мақсат-міндеттер. Балаларда екі аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жету жаттығуын және қойылған заттар арасынан "кірпі" секілді төрт тағандап жүру техникаларын бекіту; гимнастикалық шеңбердің арасынан өту іскерліктерін дамыту.	Қазақ тілі «Данаға арналған дастархан». Азық-түліктер. «Азық-түлік» тақырыбына қатысты сөздерді қазақ тілінде айтуды үйрету, екпіндерді дұрыс қолдану; ойын барысында сұрақтарға жауап бере отырып, қарапайым сөйлемдер құруды, жаңа сөздердің септік жалғауларын анық қайталап айтқызу.
2- таңғы ас	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	<p>Адамның жүру және секіру қимылдарын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын адамның жүру, секіру қимылдарының ерекшеліктеріне аудару; жүруде адам аяқтарын кезек кетеріп, қадам басып жатқанын, секіруде екі аяқтармен бірге секіретінін байқату; қимылды жаттығулардан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.</p> <p>- Кел, балақай, қатарға, Біз шығамыз сапарға. Сап түзеп, алға жүріп, Көңілді шапалақ соғып.</p> <p>- Алақай! Алақай!</p> <p>- Балалар, біз қазір қандай қимылдар жасадық?</p> <p>Педагог сұрақ қойған сайын қимыл үлгісін көрсетіп жатады.</p> <p>- Жарайсыңдар: бірінші рет біз жүрдік, екінші рет біз секірдік.</p> <p>- Біз бір аяқпен секірдік пе?</p> <p>- Біз екі аяқпен секірдік.</p> <p>Жарайсыңдар!</p> <p>- Олай болса, жүріп те секірейікші.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды</p>	<p>Бағдаршамды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға бағдаршам туралы ұғым беру, бағдаршамның түсі үш түрлі шамдарының кезегімен жанып, көше қозғалысына әсер етететінін байқату; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.</p> <p>Егер жақын көшеде бағдаршам көрінбей жатса немесе бағдаршам болмаса, педагог бағдаршамның пішінін немесе суретін көрсетугі мүмкін.</p> <p>- Балалар, бұл не?</p> <p>- Бұл - бағдаршам. Қайталайықшы.</p> <p>- Жарайсыңдар!</p> <p>- Бағдаршам не үшін керек?</p> <p>"Бағдаршамдар ұйықтамайды".</p> <p>Бағдаршамдар ұйықтамайды, Жымындайды, жымындайды.</p> <p>Бір қарасаң – қып-қызыл, Екі десе – сап-сары.</p> <p>Токтай тұрсаң – жап-жасыл.</p> <p>Көзі көп, біреу басы.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын</p>	<p>Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шикылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.</p> <p>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.</p> <p>- Иә, бұл құстар шикылдайды.</p> <p>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар!</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>"Қораз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем әдебиет)</p> <p>Балаларды қораздың (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі санын сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру.</p> <p>Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді.</p>	<p>Жүргіншілерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын көшеде өткен адамдардың қимылдарына аударту, ересек адамдар мен кіші жастағы (баланы) ажыратуға үйрету; адамның дене мүшелері жайында алғашқы ұғымдар беру; топтастармен жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін арттыру.</p> <p>- Балалар, көшеде сендер кімдерді көріп тұрсыңдар? Атаңдаршы?</p> <p>Балалар ағай, апай, бала деп атауы мүмкін.</p> <p>- Жарайсыңдар!</p> <p>- Ағайлар мен апайлар сияқты үлкен болу үшін, біз өсуіміз керек.</p> <p>- Мен өсемін, Бойым өседі. Ойым өседі.</p> <p>Өзіме: "Өс-өс-өс!" – деймін.</p> <p>Жаттығу екі рет өткізіледі. Педагог балаларға адамдардың марш адымын көрсетуді ұсынады.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға</p>	<p>"Қырауды бақылау." (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарына, басқа заттарға қатып, қырауға айналған. Қырау күннің ашық кезінде пайда болады.</p> <p>Көркем сөз.</p> <p>Тазартып бар кір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады.</p> <p>Қимылды ойын. «Ақ қоян». (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.</p> <p>Еңбек: бір-біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. (еңбек дағдылары)</p> <p>Жеке жұмыс: тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы).</p> <p>Жорамал.</p> <p>Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады. Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды.</p> <p>Жұмбақ.</p> <p>Қанат сияқты ақ, Ұлпа боп жерде жатады. Қимылды ойын "Ақсерек - көксерек" (дене шынықтыру)</p> <p>Бұл ойынды ойнау үшін балалар</p>

	<p>дамыту. "Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Балаларды белгілі жаттығуларға еліктей білуге машықтандыру, жаттығулардан жағымды әсер алуға ынталандыру. - Біз көңілді балалармыз, Қатар-қатармен тұрамыз, Көтеріміз иықты, Бақылаймыз жан-жақты. Жүріп-жүріп асықпай, Тез өсеміз, алақай! "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшандыққа, достыққа тәрбиелеу.</p>	<p>қардан тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Машиналар жүреді" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды қызыл, жасыл не сары түсті таңбалауыштардың біріне сәйкес қимылдарды жасауға үйрету; топтасып, бір-біріне соғылмай жүре білу дағдыларын қалыптастыру; жағымды әсерлерге бөленуге тәрбиелеу. Педагог балаларға кезегімен қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады: - жасыл таңбалауыш - қолға рульді ұстаған ұқсап, ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру; - сары таңбалауыш - орнында тоқтап, шапалақтау, - жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру. - Бағдаршамда жасыл шам - Жол ашық, машиналар. Бағдаршамда сары шам - Шапалақта, балалар. Бағдаршамда қызыл шам -</p>	<p>- Балалар, мен қандай құсты көрсетемін? - Иә, бұл құс - қораз. Жарайсыңдар! - Қанекей, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық. - Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. Д. Ахметова - Жарайсыңдар! - Балалар, ал қораз қалай дыбыстайды? - Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді. "Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.</p>	<p>машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". (дене шынықтыру, көркем әдебиет) Балалардың белгі бойынша жан-жаққа жүгіру және белгі бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. Педагог балаларға пингвиннің суретін көрсетеді, пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, қимылдарына еруге ынталандырады. - Пингвиндер ұқсап жүрейік, Оңға-солға теңселейік: Топ-топ-топ, топ-топ-топ, Оңға-солға теңселейік. Ал енді, пингвиндер, тоқта! Қане, жиналыңдар сапқа! Бір-бірімізден қалмаймыз, Сапта жүріп, ай, жараймыз! Д. Ахметова "Допты (қарды) қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер:</p>	<p>екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам. 1-ші топ. Ойынды бастайды Ақсерек-ау, ақ серек, Бізден сізге кім керек. 2-ші топ. Ақсерек-ау, ақ серек, Сізден бізге ... (бала аты) керек. Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.</p>
--	---	--	--	---	---

		Тоқтасын машиналар. Ойын екі рет өткізіледі. "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.		балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. "Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.	
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар "Тап-таза қолдар" ойын жаттығуы Мақсат-міндеттер. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Көркем сөз. Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Біргіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Оятпақ жаттығулары. "Көңілді аяқтар" Аяқтарды биік көтер, міне былай, Топ, топ, топ! Көңілдірек! Биігірек! Міне былай: Хоп, хоп, хоп! Қоңыраулар сыңғыр-сыңғыр, Қатты-қатты, сылдыр-сыңғыр! Шап жүйрігім, шап-шап, Тпру - ру -у, тұлпарым: Тоқтат! Тоқтат! Мәдени-гигиеналық дағдылар жайлы білімдерін бекіту.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Дастарқан жаю дәстүрі". Мақсат-міндеттер. Балаларды екі түрлі зат топтарын салыстыруда тұтастыру және беттестіру тәсілдерін қолдануға үйрету, салыстыру нәтижесін айтқызып үйрету; жазықтықтағы сол жақты, оң жақты, ортасын, жоғары, төмен жақтарын анықтап, жаттығулар орындауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>Ұлттық ойын "Арқан тарту" Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып алып келсе, сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.</p>	<p>Құрастырудан ойын-жаттығу "Диван". Мақсат-міндеттер. Балаларды кірпіштерді, білеулерді өзара түрлі орналастырып, диванды жасауға үйрету; кірпіштің қасиеттерін іс-тәжірибеге, үлгіге және педагогтің нұсқамаларына сүйеніп, зерттеу жасауға жаттықтыру.</p> <p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Үтіктің қасиеті". Мақсат-міндеттер. Балалардың үтік туралы білімдерін қалыптастыру; үтіктің тұрмыстағы қолданылу ерекшеліктері жайлы түсініктерін кеңейту; үлкендердің үтікпен жұмыс істеу әрекетін бақылау дағдыларын жетілдіру; техника және адам туралы ұғым беру.</p>	<p>Музыкадан ойын-жаттығу "Таза болайық". Мақсат-міндеттер. Балаларды жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білуге үйрету; ән айту кезінде әуеннің мағынасын түсіне отырып, эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыру; музыкадағы жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; техника туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойыны: "Отбасы". Мақсат-міндеттер: ойынға деген қызығушылықты дамыту, балалардың арасындағы жағымды қатынастарды қалыптастыру. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Сағат". Мақсат-міндеттер. Балаларды қылқалам арқылы шеңбер сұлбасының бойын, арасына бірдей қашықтықты сақтап жақпалармен безендіруге үйрету.</p> <p>Ұлттық ойын "Киіз үй" Ортаға арқалығына орамал ілінген төрт орындық қойылады. Балалар орындықты айнала жүгіріп, нұсқаушының дабылы бойынша «киіз үй» құрады: орамалдың бұрышынан ұстап жоғары көтереді.</p>	<p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Қар тазалаушы трактор". Мақсат-міндеттер. Балалардың қардың және трактордың ерекшеліктері туралы ұғымдарын кеңейте отырып, балалардың қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру; қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту.</p> <p>Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Қимылдарды қайталаймыз". Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Сіз қандай да бір қимылды көрсетесіз, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды. Мысалы, егер жүргізуші қолын жоғары көтерсе, балалар шапалақ ұруы керек; қолдары екі жаққа созылғанда, балалар аяқтарын тыпырлатады. Кім қателесе, сол жүргізуші атанады. (дене шынықтыру)</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>Жаңылтпаштар айту 1) Ала-ала алашалар, Тамаша олар, Оған кім таласа алар. 2) Тақпақ жаттап, Айтсақ жақсы-ақ. Жатқа тақпақ, Жатта тақ-тақ. 3) Ата мен әже, ана да, Алма мен алмұрт тереді,</p>	<p>Саусақ жаттығуы. "Қонжық". Қонжық жүрсе орманда, (жұдырықтарды қысып, бір жағымен үстелге, тізеге соққылау). Томпаң-томпаң басады. Қорбаң-қорбаң қорбаңдап, (алақандарды ашып, саусақ ұштарын бір-біріне</p>	<p>"Сөйлем құрастыру". Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер, шағын әңгіме құрастыруға балаларды машықтандыру; байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды</p>	<p>Жұмбақтар Жай да үнсіз тұрады, Біреу келсе тез жат деп, Қоңырауын ұрады, Дабыл қағып безектеп. (Телефон) Іші салқын, мұзы бар, Күнкей қашқан қой сынды, Жылыда тез бұзылар,</p>	<p>Санамақ Төртеу санның көркі екен. Төрт аяқпен жануар, Стол, төсек... тағы бар.. Төрт аяқпен нық тұрар, Төрт бірлікті ұқтырар, Бес дегеннің цифры, Қарап тұрсаң оп-оңай. Үштің басын қайырып, Қоя салған жай бұрап.</p>

	Ауырға Арман бала да, Арбамен тасып береді. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	қарсы салып, алақандардың ішкі жағымен соққылау) Бізді көрсе - қашады. (саусақтарды алға қарату, кезекпен соққылау) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы жиһаздар мен техника және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Барша тағам тығылар. (Тоңазытқыш) Тоққа тисе мұрты ұзын, Табанымен жазық Киімдердің қыртысын, Береді тез жазып.(Үтік) Кір-қоқысты сүймейді, Сыртқа қуып сүйрейді.(Сыпырғыш) (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Ә. Табылдиев (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар "Тап-таза қолдар" ойын жаттығуы Мақсат-міндеттер: Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Көркем сөз. Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Мақсат-міндеттер. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің				

	<p>дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Өнер бұрышында бояу суреттерін бояу, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру) Мақсат-міндеттер. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. (сурет салу) Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. (математика негіздері)</p>				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес. "Балаларға жолда жүру ережесі туралы түсіндірудің маңызы".	Психолог кеңесі: "Бала тілін дамыту".	Ата-аналарға кеңес. "Отбасындағы сауықтыру шаралары".	Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.	Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.

19.02 - 23.02.2024ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен "Егер балаңыз төбелесе беретін болса" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Гигиеналық дағдыларды сақтай отырып, балалардың сумен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру (жеңдерін түріп, сулау және матаны сығу, қажет болса шаю және жуу).	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Өз орындарында оқулықтар мен ойыншықтарды өз бетімен, әдемі және ұқыпты етіп орналастыру, шкафтардағы тәртіпті сақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаң сүрту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Төсек жапқыштарын өздігінен кигізуге және шешуге, ересектерге барлық мүмкін болатын көмектерді көрсету, көмектесуге деген ұмтылысты және басқалардың жұмысына құрметпен қарау.
	"Кімге не керек?" дидактикалық ойыны, үстел үсті ойындары, саусақ жаттығулары.	Құрылыс ойындары: "Спорт алаңын құрастыру", "Қуыршаққа арналған спорт алаңы". (құрастыру) "Мен қандай спортпен шұғылданатынымды тауып көрші" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: спорт түрлері жайлы білімдерін толықтыру. (сөйлеуді дамыту)	Суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттер. "Спорт түрлері" тақырыбында суреттер қарастыру. Балабақшаның ішінде саяхат жасау. Суреттер бойынша әңгімелесу.	"Денсаулық" және "спорт" туралы әңгімелесу. "Дене мүшелерін ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: дене мүшелер жайлы білімдерін толықтыру. (сөйлеуді дамыту)	Үстел үсті ойындары: пазлдар. "Спорт" және "денсаулық" туралы әңгімелесу.

Ертеңгілік жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ текшелермен).</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. <ol style="list-style-type: none"> 1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында. <ol style="list-style-type: none"> 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде. <ol style="list-style-type: none"> 3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "міне" деген сөзді айтады. 3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында. <ol style="list-style-type: none"> 4.1. Бір орында тұрып секіру, екі қолды көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). <p>(дене шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар "Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Көркем сөз. Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуам мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сүртемін. Тап-таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін. Тусипжанова-Шагирова А. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>"Дәрумендер дегеніміз не?" әңгімелесу. Мақсат-міндеттер: дәрумендердің адам ағзасына тигізер пайдасы туралы білім беру; "денсаулық", "дәрумендер" деген түсініктермен таныстыру; көгөністер мен жеміс - жидектер туралы білімдерін бекіту. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Таңғы сәлемдесу. Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Қайырлы таң! Жаңа күн құтты болсын! Мейірім мен жылулыққа орта толсын!</p>	<p>"Спортшыл отбасы" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.</p>	<p>"Денсаулық" тақырыбында мақал-мәтелдер жаттау.</p>	<p>"Отбасында кім қандай спортпен шұғылданады?" сөздік ойыны.</p>

		Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық, Көп жұмыс бітірейік, шаршамайық! Тусипжанова-Шагинова А. (сөйлеуді дамыту)			
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Салауатты өмір". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; отырған күйінде екі аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жетуге үйрету.	Дене шынықтыру "Шынықсақ - шымыр боламыз". Мақсат-міндеттер. Балаларда отырған күйінде екі аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жету және екінші 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру техникаларын дамыту; спорт және денсаулық туралы білімдерін толықтыра отырып, спортпен шұғылдануға ынталандыру.	Музыка "Қыс әні" Балалардың шулы әннің сипаты мен төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін дамыту; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту.	Дене шынықтыру "Кенгуру секілді секіреміз". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; балаларда бір орыннан ұзындыққа секіруге жаттықтыру.	Қазақ тілі «Жыл құстары» Көктемге тән белгілердің қазақ тіліндегі атауларын таныстыруды жалғастыру (қар ериді, ағын сулар ағады, құстар ұшып келеді, күн жиі жарқырайды). Балалардың ұғымдыдағы құстар және олардың көктемдегі тіршілігі туралы білімдерін бекіту (құстар ұя салады, балапан басып шығарады). Сыртқы түрінің ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту (қауырсын, қанаттар, құйрық, екі аяқ, тұмсық, құстарға тән қимыл-әрекеттер).
2- таңғы ас	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Қарғаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: қарға жайлы білімдерін кеңейту; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылуға тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек	Құстардың қардың бетіндегі іздерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: қыстайтын құстар туралы білімдерін толықтыру, қай құстың ізі екенін ажырату іскерліктерін жетілдіру; байқағыштық пен зейінділікке тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым	Ұлпақарларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: ұлпақарлардың қасиеттері туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдарды қардан тазарту). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: еңбекке деген позитивті қатынасты	Қыстап жатқан құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсаты: қыстайтын құстар туралы түсініктерін дамыту; оларға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ағаштардың айналасына қар күреу). Мақсат-міндеттер: еңбек	Балабақша алаңындағы өзгерістерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: айналадағы өзгерістерді байқауға үйрету. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (барлығы бірге ұйымдасып жолды қардан тазартуға үйрету). Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс жасау қабілетін бекіту.

	<p>тапсырмалары (учаскедегі жолдарды қар мен қоқыстардан тазарту). (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, көпшілдікке тәрбиелеу, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: "жылан" секілді жүгіру іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айнала жүгіруге машықтандыру.</p>	<p>еңбек тапсырмалары (қардан төбешік жасау). (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: еңбекке деген сүйіспеншілік пен достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Мысық пен тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады). (дене шынықтыру)</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: жүгіру техникаларын жетілдіру, жеңілдікті, жігерлі қимылдарды қалыптастыру.</p>	<p>тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Боран", "Секірейік". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: заттарды бұзып алмай, қар ғимараттары арасында бірінің артынан бірін жүгіруге үйрету, педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет ете білуге үйрету.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Келесі кім?" (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: бір жерден және жүгіріп ұзындыққа секіруді үйрету.</p>	<p>етуге, үлкендерге көмектесуге үйрету.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Мысықтар мен тышқандар", "Секірейік". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша тез қозғалуды үйрету; дыбыстарды айтуға жаттығу.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: жылдамдықпен жүгіру қабілетін бекіту; лақтырудың дәлдігі мен күшін дамыту.</p>	<p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Үйсіз қоян".</p> <p>Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауға үйрету.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, жылдамдықпен жүгіру қабілетін бекіту; лақтырудың дәлдігі мен күшін дамыту.</p>
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Көркем сөз.</p> <p>Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуам мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сүртемін. Тап-таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін.</p> <p>Тусипжанова-Шагирова А. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру	<p>Тақпақ-оятпақ: "Қанаттарымызды күнге жылытайық".</p> <p>Балалар шалқасынан жатады, қолдары жандарында; қолдарын жоғары көтеріп, "жылынайық" деп айтады да, қайта түсіреді.</p> <p>"Аяқтарыңды жасыр" жаттығуы.</p>				

шаралары	<p>Балалар шалқасынан жатады, аяқтарын жоғары көтеріп, "аяқтарыңды жасыр" деп, аяқтарын қайтадан кереуетке жайлап түсіреді. Кереуеттерінің жандарынан жүру. Алтын айдарлы әтеш, Адымдап келе жатыр. Балапандарын қуып, Қораға қамап жатыр. Қос аяқпен бір орында және алға қарай жылжып секіру. Қолдар еркін. Шынықтыру іс-шаралары. Дымқыл шүберекпен сүртінуге, ысқылау. Дәстүрден тыс әр түрлі кедергілері бар денсаулық жолдарымен жүру.</p>				
Бесін ас	<p>Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Доп" тақпағын мәнерлеп оқу. Мақсат-міндеттер. Балаларды доп туралы тақпақ мазмұнымен таныстыру, көркем сөз арқылы доптың қасиеттері жөнінде білімдерін толықтыру, затты сипаттау тәртібін бекіту. "Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Текшелер". Мақсат-міндеттер. Балаларды қағаз бетіндегі көлденең сызық бойына текше пішіндерін (кубиктерді), кезекпен тізіп салуда жаттықтыру; текшені салуда бір-бірінен сәл алшақ орналасқан тік сызықтардың үстіңгі және төменгі ұштарын көлденең түзу сызықпен қосуға үйрету. Ұлттық ойын "Соқыр теке" Балалар дөңгелене тұрады. Топ ішінен бір баланың көзі байланады. Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ, Қайда кеткен құлыншақ. Соқыр теке бақ-бақ, Мені ізден тап-тап - деп өлеңмен айтады. Содан кейін Соқыр теке (көзі байлаулы бала) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына</p>	<p>Жапсырудан ойын-жаттығу "Жиналған ойыншықтар". Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық пішінді заттарды үлкенінен бастап кішкентайына дейін жинақтау тәртібіне, кезекпен жапсыруға үйрету; геометриялық пішіндердің қасиеттері, заттарды салыстыру амалдары жөнінде білімдерін бекіту. Тақпақ жаттау Қымыз Жеңгем бие сауады, Ағам саба піседі. «Денсаулыққа дауалы», Деп үлкендер ішеді. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Спортшылар бәріміз" Мақсат-міндеттер. Балалардың екі тең не тең емес заттар тобын ұзындығы немесе саны бойынша салыстыру іскерліктерін жетілдіру, салыстырудың нәтижесін айтқызып үйрету; заттарды оң (сол) қолымен алып, жолақтың сол жағынан бастап, оң жағына қарай салу тәсіліне жаттықтыру; көз өлшемін, зейінді, қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Сюжетті-рөлдік ойыны: "Тазалықты сақтайық". Мақсат-міндеттер: ойынға деген қызығушылықты дамыту; балалар арасындағы жағымды қатынастарды қалыптастыру; тазалыққа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Кім күшті?" Мақсат-міндеттер. Балаларды "Кім күшті?" өлеңімен таныстыра отырып, мазмұны бойынша мәтіндегі жолдарды мәнерлеп оқу; ұзақ шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету. Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Емдік өсімдіктер". Мақсат-міндеттер. Емдік өсімдіктерге байланысты көркем сөздерді пайдалана отырып, балалардың сөздік қорын молайту; қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру; ойлау қабілеті мен зейінін, дүниетанымы мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту.</p>

		келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алғанбаланың көзі байланады да ол «соқыр теке» рөлін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді.			
Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы. "Дәрумендер". Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды). Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды). Қанттан сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді). Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді). Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді). (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	"Сөйлем құрастыру". Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер, шағын әңгіме құрастыруға балаларды машықтандыру; байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы денсаулық және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	"Кел, санайық санамақ" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Кел, санайық санамақ, Саусақтарды даралап. Бас бармағым алғашқы, Балаң үйрек жалғасы. Орган терек атасы, Шылдыр шүмек анасы. Шынашағым балапан Бәріне ортақ алақан. (сөйлеуді дамыту)	Тақпақ айту Біз осылай өсеміз Суда жүзіп өсеміз, Қырда жүріп өсеміз. Күнде қызып өсеміз, Құмда шыжып өсеміз. Таулар көріп өсеміз, Баулар егіп өсеміз. Жеміс теріп өсеміз, Жеңіскер боп өсеміз. Талаптанып өсеміз, Қанаттанып өсеміз, Талаптанып, қанаттанып өсеміз! М.Әлімбаев (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Суреттер қарастыру. "Дені саудың - жаны сау" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар "Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Көркем сөз. Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуам мұқият.				

	<p>Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сүртемін. Тап-таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін. Тусипжанова-Шагирова А. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p> <p>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.</p> <p>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> <p>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p>Өнер бұрышында бояу суреттерін бояу, ұппақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. (сурет салу)</p> <p>Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жыртыу, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану.</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. (математика негіздері)</p>				
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>Кеңес. "Спортпен шұғылданудың маңызы".</p>	<p>Тәрбиеленушілердің ата-аналарын мектепке дейінгі жастағы балалардың үйде және балабақша жағдайында денсаулығын нығайтуға және сақтауға ықпал ететін негізгі факторлармен таныстыру.</p>	<p>"Жеке бас гигиенасының басты ережелері", "Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?" тақырыптарында әңгіме жүргізу.</p>	<p>Кеңес. "Тез тамақтанудың зияны".</p>	<p>Ата-аналарға кеңес. "Баланың белсенділігі - оның денсаулығының кепілі".</p>

26.02 - 01.03.2024ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды тамақ ішер кезде, табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктеріне ынталандыру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды балабақшадағы ойын бұрышындағы кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды топ бөлмесінде реттілікті сақтау; ойыншықтарды, құрылыс материалдарын өздігінен орнына жинау, оларды сындырмауға дағдыландыру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларға өздерінің еңбегі туралы әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б.. естеріне салып отыру.
	Ойын жаттығулар Мақсат-міндеттер. Альбомдар мен сюжеттік суреттерді қарастыру. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) "Мозаика", "Құрастырғыш" ойындары. Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (математика негіздері, құрастыру)	"Ою саламыз" саусақ жыттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Зергер бала боламыз, (Екі алақанда ашу) Оюды саламыз:	"Ол не?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың бір-бірінен үлкен-кішілігін анықтай білуді үйрету. Матрешканың бөлшектеу және құрастыру, кіші матрешканы үлкен матрешканың ішіне салу, матрешканың жоғарғы және төменгі жартысын үлкен-кішілігі және өрнектері бойынша салыстыру.	"Мозаика", "Құрастырғыш" ойындары. Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (танымдық дағдылар)	«Ата-аналарға қамқорлық жасау» Ойын мақсат-міндеттер: елгезектікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Балалар бірнеше қадам қашықтықта педагогке қарама-қарсы тұрады. Педагог кезекпен балаларға допты лақтырып, мынадай жағдайларда қалай қамқорлық жасауға болатынын сұрайды: - анаң ауырып қалды; - анаң жұмыстан шаршап келді;

		<p>Бұлақ, (Қолдарды жұдырыққа жинап, ішке қарай бұрау) Дөңгелек, (Шеңбер салу) Ирек, (Толқындар жасау) Қанат, (Қос қолмен бұлғау) Гүлдер, (Алақандарды жайып, тігінен көрсету) Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау) Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Ойынның мазмұны. Тәрбиеші балаларға мынадай жұмбақ айтады: Бойы әр түрлі, жұмбағымды тыңдашы, Өзара ұқсас жүзі менен сымбатты. Бір-біріне сыйып кеткен көрінбей, Жиналғанда бір ойыншық сияқты. Ойынды қайталап өткізгенде балалардың ынтасын туғызу үшін матрешка туралы кітаптарды көрсетуге болады. Осыдан кейін матрешканы бөлшектеп, оның жоғарғы және төменгі бөлігіне балалардың назарын аударады, оларды салыстырады, соңынан қайтадан құрастырады. Тәрбиеші матрешкалардың ең үлкенінен кішісіне қарай орналасу тәртібін көрсетеді. Балалар бір матрешканы екіншісінің ішіне салып, оның қайсысы үлкен екенің анықтайды. Егер бала матрешканың өз бөліктерін үлкен-кішілігі бойынша тауып, оларды бойларына қарай қоя білсе, тапсырма дұрыс орындалған болып есептеледі. Ойын бір-екі рет қайталанады. Матрешканы бөлшектеп құрастыруда қателеспеген бала жеңімпаз аталады. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</p>		<p>- анаңның көңіл-күйі жоқ; - анаңның шаруасы көп; - әкеңнің жұмысында қолайсыздықтар болды. Ата-аналарға қалай көмектесуге болатынын ойлап тапқан бала алға бір қадам жасайды, бірінші болып тәрбиешіге жеткен бала жеңімпаз болады. Ойын соңында педагог балалардан өмірлік жағдайда өздері айтқандай әрекет етуді айтады. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p>
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).				

	<p>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.</p> <p>1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.</p> <p>2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, допты қояды.</p> <p>2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаған қолдары екі жанында.</p> <p>3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаған қолдарымен құшақтайды.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.</p> <p>4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Ойын жаттығуы: Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетінді жу. <i>Көркем сөз.</i> Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Осы сөздерден кейін балалар таңғы ас ішуді бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруын сұрау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Ұйымдастырылған	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 25%; padding: 2px;">«Көңіл-күйді анықтау»</td> <td style="width: 25%; padding: 2px;">Көктем мезгілі, табиғат</td> <td style="width: 25%; padding: 2px;">«Сыпайы өтініш»</td> <td style="width: 25%; padding: 2px;">Шаттық шеңбері</td> </tr> </table>	«Көңіл-күйді анықтау»	Көктем мезгілі, табиғат	«Сыпайы өтініш»	Шаттық шеңбері
«Көңіл-күйді анықтау»	Көктем мезгілі, табиғат	«Сыпайы өтініш»	Шаттық шеңбері		

<p>іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Ойынның мақсат-міндеттер: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу. Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір-бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады. Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды. Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріне қарап, бір-бірінің қолдарыңнан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысындар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады. Балалар тапсырманы жұппен орындайды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p>	<p>құбылыстары туралы әңгімелесу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>Ойынның мақсат-міндеттер: балаларды мейірімділікке, зейінділікке тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрады. Педагог түрлі бұйрықтар береді, мысалы, қолды жоғары көтер, қолыңды шапалақта, көзіңді жұм және т.б., бірақ «мархабат» сөзі айтылған өтініштерді ғана орындау керек. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Армысыз, қайырымды Аспан ата! Армысыз, мейірімді Жер - Ана! Армысыз, шұғылалы Алтын - Күн! Қуан, шаттан алақай! (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қайырлы таң балалар! Жарқырады қаламыз, Жайнай түсті даламыз, Қайырлы таң балалар! Аман Отан панамыз, Аман ата-анамыз, Қайырлы таң балалар! (сөйлеуді дамыту)</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтыру "Қарлығаштай қайратты". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; қиғаш тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйеніп, төрт тағандап өрмелеуге үйрету.</p>	<p>Дене шынықтыру "Қайратты боламыз". Мақсат-міндеттер. Балаларда бағытты өзгертіп жүгіру қабілеттерін дамыту; тақтайдың үстімен тізе мен саусақтарға сүйеніп, төрт тағандап өрмелеу және бір орында тұрып, арқаннан биікке секіріп, жерге табанмен түсу жаттығуларын жасауды дағдыларын дамыту.</p>	<p>Музыка "Күлкі - шаттық шуағы". Мақсат-міндеттер. Балаларды күлкі туралы жаңа әнді тыңдап, оның сипатына ерекше мән беруге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; әнді дұрыс айтуға дағдыландыру; ырғақтық қимылдарды тез қабылдауын және әнді тыңдау кезінде зейіні мен есте сақтауын дамыту; музыкалық аспапта ойнай білуін әрі қарай жаттықтыру; музыкалық шығармашылығы пен</p>	<p>Дене шынықтыру "Биік секіреміз". Мақсат-міндеттер. Балаларда бір-бірден, шеңберге қайта тұру, саптағы өз орнын табу; екі аяқпен секіру дағдыларын дамыту; еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеуге үйрету; дене жаттығуларына қызығушылықтарын дамыту.</p>	<p>Қазақ тілі «Көрікті көктем». Көктем жыл мезгілі. Тамшы сияқты құбылыстар жайында шағын өлең жолдарын қайталату, сөздерді анықтап айтуды, жағымды көңіл күйлерін білдіруді үйрету. Қазақ тілін түсінуді, «Көктем» сөзін қолдана отырып, қарапайым сөз тіркестерін жасауды, сын есімдердің жалғауларын өзгертуді үйрету. Көктем туралы әндерді қайталап айту қабілеттерін, сөйлеу тілін дамыту; жалпы «Көктем» тақырыбы бойынша</p>

			сауаттылығын қалыптастыру.		сөйлеуді, есту арқылы қабылдауын дамыту, есту, еске сақтау қабілетін, көру арқылы қабылдауын, ойлау қабілетін дамытып, жағымды көңіл күйін білдіре алу қабілетін қалыптастыру. Байқағыштықтық қасиеттерін, әсемдікті сезіну қабілетін, көркемсөзге қызығушылығын дамыту.
2- таңғы ас	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	<p>Сүңгі мұздарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды судың қасиеттерімен, оның әртүрлі күйлерімен таныстыруды жалғастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдардағы мұз бен қарды тазарту).</p> <p>Мақсат-міндеттер: күректермен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; тәуелсіздікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қыстайтын құстар". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге, секіру кезінде жаттығуға, бір қимылдан екінші қимылға ауыса білуге үйрету.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Жол бойымен". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: зейінді,</p>	<p>Қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер: көктем туралы түсініктерін кеңейту, қардың қасиеттерін талдау, қарды бақылауды жалғастыру, қардың түсін (сұр, лас) қысқы түсімен салыстыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскеде қоқыс жинау). (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ұжыммен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Пойыз", "Маған қарай жүгіріңдер" (2-3 ойнатылады). (дене шынықтыру)</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: допты лақтыру және ұстау, ептілікті</p>	<p>Жинағыш көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер: көліктердің еңбекті қажет ететін жұмыстарды орындаудағы рөлі, олардың құрылымының ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; сипаттама бойынша көліктердің бейнесін табу қабілеттерін шоғырландыру; технологияға деген қызығушылықты, үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауладағы құрғақ жапырақтарды, бұтақтарды жинау, оларды зембілге салу). (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топта жұмыс істеуге, басталған жұмысты соңына</p>	<p>Жүргізушінің жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер: жүргізушінің жұмысымен, көлік бөлшектерінің атауларымен танысуды жалғастыру; ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (балабақша аумағын қоқыстардан тазарту.) (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз жүргізушілерміз", "Торғайлар және көлік". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлауды дамыту; ойынды</p>	<p>Балабақша алаңында құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер: құстарды түстері, көлемі, дауысы арқылы тануға және ажыратуға үйрету; бақылау, есте сақтау қабілетін дамыту; құстарға деген достық қатынасты тәрбиелеу.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құмсалғыштағы құмды қазып алу.)</p> <p>Мақсат-міндеттер: еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу; жауапкершілікке үйрету.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Түрлі-түсті көліктер". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін сақтауға үйрету; педагогтің белгісі бойынша, кез-келген бағытта бір-біріне соқтығыспай жүгіру; түстерді ажырату.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері,</p>

	қимылдарды үйлестіруді дамыту.	дамыту, күш тастау, салауатты өмір салтын қалыптастыру.	дейін жеткізуге деген күштарлықты ояту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім ең дәл?", "Ұстап ал". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ашық ойындарды ұйымдастырудағы дербестікті, ұқыптылықты, ептілікті, ережелерді сақтай білуді дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жағалыққа жорғалап, жорғалай білу қабілетін бекіту.	ұйымдастырудағы тәуелсіздікке тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: кеңістіктегі бағдарды, тепе-теңдік сезімін жақсарту.	орыннан жоғары секіру. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: секіру қабілетін, жылдамдықпен күш біріктіре отырып, дене бұлшық еттерінің күштерін шоғырландыру қабілетін дамыту.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шөй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.</p> <p>Ойын жаттығуы: Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетінді жу. <i>Көркем сөз.</i> Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Осы сөздерден кейін балалар таңғы ас ішуді бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруын сұрау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабаңдықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Алақанға арналған "Кірпі" жаттығуы; тікенек допты алақанға салып айналдыру. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Көктем сыйлаған көйлек". Мақсат-міндеттер. Балаларды мерекелі көйлек сұлбасының ортасында және төменгі жағындағы жолақты қарапайым ою элементтерімен безендіруге үйрету.</p> <p>Дидактикалық ойын "Суретші қай жерден қателесті?" Мақсат-міндеттер: баланың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алуға үйрету.</p> <p>Барысы: педагог суретшінің "Көктем" тақырыбына сурет салғанын айтады. Бала оның бәрін дұрыс салғандығын тексеруді сұрайды. Бала көктем мезгілінде болмайтын көріністерді тауып, оның қай мезгілде болатынын айтады. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Қарлығаш туралы тақпақ жаттау". Мақсат-міндеттер. Балаларды жыл құсы қарлығаш туралы көркем сөзбен таныстыру, қарлығаштың тіршілігі жөнінде мағлұматтар беру.</p> <p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Көктеммен бірге құс келді". Мақсат-міндеттер. Балалардың құстарды бақылай отырып, оның ерекше белгілері мен қасиетін қабылдау барысында танымдық-зерттеушілік дағдылары мен қызығушылықтарын, ойлауы мен тілін дамыту.</p>	<p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Торғай". Мақсат-міндеттер. Балалардың торғай туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, оның өмір сүру тіршілігімен таныстыру; торғайдың белгілері мен ерекшеліктері (сыртқы бейнесі, тамақтануы, түсі, көлемі және қыстайтын құсы), түрлері жайлы түсінік беру; көктемнің жаршысы құстар туралы білімдерін кеңейту.</p> <p>Ұлттық ойын. Білектесу. Бір столдың шетіне қарама-қарсы отырған екі бала оң қолдарының шынтағын столға тіреп қояды да, бірінің қолын бірі алақандастыра мықтап ұстайды. Сол жақтағы қолдарын әркім өзінің оң жақ қолтығына тығып алады. Осылай ұстасып алған екі палуан бала, ойын бастаушы команда берісімен, шынтақтарын сол орнынан қозғамай, қарсыласының тіреулі қолын шалқасынан түсіруге ұмтылады. Білегі тайып жантайған бала жеңіледі. Бұл білек күшінің жетілуіне көмектеседі. (дене шынықтыру)</p>	<p>Құрастырудан ойын-жаттығу "Бантик таққан балапан". Мақсат-міндеттер. Балаларды қағаз жолағын көлденең бойымен тең бөліктерге бүктемелеу амалдарына үйрету, жасалған гофра жинағын көлденең жіңішке жолақ арқылы жапсырып бөлуге машықтандыру.</p> <p>Музыкадан ойын-жаттығу "Анашым, анажаным". Мақсат-міндеттер. Балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын дамыту; әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білуге жаттықтыру. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметінде қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруды пысықтау.</p>	<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Көктемгі сыйлықтар". Мақсат-міндеттер. Балалардың геометриялық пішіндер жөніндегі білімін тиянақтау, "саны қанша, сонша", "бірдей", "саны тең" ұғымдарын түсінуін пысықтау; көктем мезгіліндегі құстардың тіршілігі жөніндегі түсінігінің аясын кеңейту, аналар мерекесіне сыйлық дайындау әдебімен таныстыру.</p> <p>"Жапалақ" қимылды ойыны. Ойыншылар ішінен жапалақ таңдалады. Басқа балалар құстар, қоңыздар, көбелектер болады. Жапалақ тоғайға (гимнастикалық қабырғаның бірнеше сатысына) шығады, ал қалған балалар «қанаттарын қағып», «ұша» бастайды. Педагог «Түн» деп айтқан кезде, құстар мен жәндіктер өз орындарында қозғалмай тұрып қалады. Қозғалып қойған ойыншыны жапалақ үйіне алып кетеді. Педагог «Күн» деп айтады, осы кезде жапалақ қайтадан тоғайға шығады. Ойын бірнеше рет қайталанғаннан кейін басқа жапалақ таңдалады және ойын әрі қарай жалғасады. (дене шынықтыру)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>"Көктем" тақырыбында әңгімелесу (иллюстрацияларды қарастыру). Мақсат-міндеттер: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Көктем" тақпағын жаттау. Көктем қырға төрледі, Төрт түлік мал төлдеді. Бәйшешектер құлпырып, Деп тұрғандай: «Көр мені!» Жылы мезгіл жетіпті,</p>	<p>Жыл мезгілі жайлы сұрақтар. Мақсат-міндеттер: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Сиқырлы қылқалам". Мақсат-міндеттер. Дайын суреттерді бояу. (сурет салу)</p>	<p>Жаңылтпаштар айтқызу. Бір ақ шымшық, Екі ақ шымшық. Үш ақ шымшық, Төрт ақ шымшық. (сөйлеуді дамыту)</p>

		Тастадық біз етікті. Қар көктемге жеткізбей, Тауға шығып кетіпті! К.Ыбырайұлы (көркем әдебиет)			
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p>Ойын жаттығуы:</p> <p>Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетінді жу.</p> <p><i>Көркем сөз.</i></p> <p>Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас!</p> <p>Осы сөздерден кейін балалар таңғы ас ішуді бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруын сұрау.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (көктем мезгілі, ауа райы, көктем мерекелері, наурыз мерекесі, салт-дәстүр) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.</p> <p>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.</p> <p>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу.</p> <p>Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.</p>				

	<p>Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояу, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. (танымдық дағдылар, математика негіздері)</p> <p>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p>				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Отбасындағы мерекелерді өткізу дәстүрлері" тақырыбына әңгімелесу.	"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" тақырыбына әңгімелесу.	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.	Жаднама: "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?"	Ата-аналарға кеңес. "Демалысты қалай өнімді өткізуге болады?"